

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 286 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-1-бабы 2-тармағына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін Жітіқара ауданының аумағында орналасқан жалпы ауданы 854,5282 гектар "Сарыобинское" жер учаскелеріне (Сарыобинское кен орны) 2027 жылғы 23 желтоқсанға дейінгі мерзімге "Джаркульское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Жітіқара ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оның Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданының әкімі

Н. Өтегенов

Әкімдіктің

2022 жылғы 13 желтоқсандағы

№ 286 қаулысына

қосымша

"Джаркульское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

1. Мүктікөл ауылдық округінің Тимирязев ауылының аумағында (елді мекеннің шегінен тыс) орналасқан, алаңы 87,9598 гектар жер учаскесі.

2. Степной ауылының аумағында (елді мекеннің шегінен тыс) орналасқан, алаңы 766,5684 гектар жер учаскесі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ